

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

7 қараша 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0031 ic

«QAZAQ AIR» АҚ

Талап қоюшы

қарсы

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР ОРУЗБАЕВ ТАЛҒАТ КАБДРУСЕЛЬЕВИЧКЕ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қою қанағаттандырылды.
2. Талап қоюшының шығыстарды өтеу туралы арызы қанағаттандырылды.
3. Жауапкер Талап қоюшыға осы шешім шығарылған сәттен бастап 7 күннің ішінде 1 306 447,50 теңге мөлшеріндегі жалпы соманы төлеуге міндетті.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Осы талап бойынша Талап қоюшы, оның айтуынша, оған Жауапкер 2023 жылғы 25 сәуірдегі Қызметтерді сатып алу туралы шартқа ("Шарт") сәйкес төлеуге міндетті соманы талап етеді.
2. Шарт 2 400 000 теңге мөлшеріндегі ақыға Жауапкердің Талап қоюшыға электрондық құжат айналымы бойынша қызметтер көрсетуіне жасалды.
3. Талап қоюшы Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жоқ деп мәлімдеп отыр, нәтижесінде Талап қоюшы 2023 жылдың 18 мамырында Шартты бұзған. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде Шарттың 7.2.4-тармағына сәйкес ол 1 200 000 теңге көлемінде айыппұлға құқығы бар екенін айтып отыр.
4. Шарттың 12.4-тармағы АХҚО сотына Шарттан немесе онымен байланысты туындайтын дауларға қатысты айрықша юрисдикция береді.
5. Талап қоюдың құны 150 000 АҚШ долларынан кем сома құрайды, демек, талап АХҚО Ұсақ даулар сотының юрисдикциясының аясына жатады: АХҚО соты қағидаларының 28.2(1) қағидасын қараңыз.
6. АХҚО сотының Қағидаларының 28.12 қағидасында былай делінген:

"Оған ұсақ даулар шеңберінде Талап арыз табысталғанан кейін 14 күннің ішінде Жауапкер:

 - (1) 10-бөлімге сәйкес Талап қоюшыға талапты тануды беріп және табыстап, талап қоюды тануы;
 - (2) Мыналарды:
 - (a) талап қоюдың қандай бөліктері танылғанын;
 - (b) қандай бөліктер танылмағанын және тиісті негіздерін; сонымен қатар
 - (c) кез келген қарсы талаптың егжей-тегжейлерін көрсетіп, ұсақ шағын бойынша Қарсылық беруі; немесе
 - (3) 6-бөлімге сәйкес ҰДС юрисдикциясын даулау туралы арыз беруі тиіс; және әр жағдайда табыстау үшін электрондық пошта мекенжайын, тұрғылықты мекен-жайын көрсетуі тиіс. Егер Жауапкер жеке тұлға болмаса, ол өз қызметін жүргізетін мекен-жайын көрсетуі тиіс."

7. Жауапкер 28.12 қағидада сілтеме жасалған қандай да бір қадамдарды жасаған жоқ немесе талап қоюды өзге жолмен даулауға талпынған жоқ.

Соттың қорытындылары

8. Берілген құжаттарды қарап, Сот Талап негізделген деген қорытындыға келді. Сот талапты қанағаттандырады және Талап қоюшыға ол Шартқа сәйкес талап етіп отырған 1 200 000 теңге сомасын беруге үкім шығарады.

Шығындар

9. Сондай-ақ, Талап қоюшы құжаттарды аударуға және нотариалды куәландыруға қаражат жұмсалғанына байланысты оған 106 447,50 теңге мөлшеріндегі шығыстар берілуін ұйғаруды сұрайды.

10. АХҚО сотының Қағидаларының 26.9(2) Қағидасына сәйкес, АХҚО Ұсақ даулар сотында шығындар тарапқа бұл тарап негізсіз әрекет еткен жағдайда ғана жүктеле алады.

11. Талап қоюшы Жауапкерге электрондық поштамен де, жеке өзіне де хат жіберу жолымен, сол сияқты телефон арқылы және жеке кездесу кезінде осы мәселені соттан тыс тәртіппен реттеу үшін өзінің бірнеше рет талпынып көргенін сипаттайды. Бірде-бір кезеңде Жауапкер жауап та, тіпті растау да алмаған. Нәтижесінде Талап қоюшының осы сот талқылауын бастаудан басқа амалы қалмаған, мұнда Жауапкер қорғанған да жоқ, тіпті немесе наразылықтарға жауап берген де жоқ.

12. **«ҚОСТАНАЙ МИНЕРАЛДАРЫ» АҚ (ҚАЗАҚСТАН) «ДНЕПРОВСКАЯ ВОЛНА» ЗАУЫТЫ (УКРАИНА)» ЖШҚ-ға қарсы** ісінде осы Сот 18-тармақта мынаны атап өтті:

“... осы істе Жауапкердің құқықтық және процестік міндеттемелерді упорно орындамауы және орындауды кешіктіруі, соның ішінде Медиативтік келісім шарттарын негізсіз сақтамауы мен дәл осылайша 28.12 қағиданы негізсіз сақтамауы 26.9(2) қағидаға сәйкес шығыстарды беруге үкім шығарылуын ақтау үшін, болашақта негізсіз мінез-құлық туралы қорытындыға әкелуі әбден мүмкін.”

13. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Сот осы істің мән-жайларында Жауапкер Талап қоюшының бұл мәселені соттан тыс тәртіппен шешу үшін бірнеше рет жасалған талпыныстарына қыңырлықпен жауап бермей, орынсыз әрекет етті, осылайша Талап қоюшыны осы талқылауды бастауға мәжбүр етті, ал содан кейін 28.12 қағиданы түсіндірусіз орындамады деген қорытындыға келеді.

14. Сонымен, Сот Талап қоюшыға 106 447,50 теңге көлемінде сұралған шығыстарды беруге үкім шығарады.

Қорытынды

15. Сот Жауапкерге осы шешім шығарылған сәттен бастап 7 күннің ішінде Талап қоюшыға 1 306 447,50 теңге мөлшеріндегі жалпы соманы төлеуді бұйырады. Талап қоюшыға төленуі тиіс сомаларды төлеу айтарлықтай кідірітілгенін ескере отырып, бұдан ұзақ мерзім беру үшін негіз жоқ.

Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Асқарова Дина ханым өкілдік етті, заңгер, «Qazaq Air» АҚ, Астана, Қазақстан.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.